

**МКҚК «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының
«Құлыншақ» кіші тобының тәрбиешісі
Чанчарова Багдагүл Бекмұратқызы 2025-2026 жылдың
жұмыстарының есебі**

Қазіргі таңда 19 баламен жұмыс жасап жатырмыз. Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жыл 14 қазанындағы №422 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың осы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша қыркүйек айынан бастап мамыр айына дейінгі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде перспективалық жоспарға құрылды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сүйене отырып жүзеге асырылды.

Қыркүйек айында ата-аналар жиналысын өткіздік. Облыстық жасыл балабақша жобасы бойынша жұмыс басталып, біздің бөбекжай бақшамыз Қобда ауданы бойынша тірек балабақша болып тағайындалды. «Менің Отаным-Қазақстан» ата-аналар арасында сурет көрме өткізілді. Қыркүйек айында «Отбасы» атты іс-шара өткізіліп, оған Майлыбаевтар отбасы қатысып 1 орынға ие болды 2025 жылы 06 мамыр №442 бұйрығымен педагог модератор біліктілік санатын алдым.

Қазан айында «Күз сыйы» жәрмеңкесі «Әжелер», «Аналар» мектебі жұмыстары жүргізілді. «Білім мен тәрбие ойынмен бірге» атты аудандық шеберхана жұмысына қатысып отырдым.

Қараша айында «Адал азамат біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша «Бағдаршам және біз» тақырыбында ата-аналар көмегі-мен жол қауіпсіздік белгілерінің құралдарын жасап өткіздік. Желтоқсан айында Ақтөбе Дарын білім беру орталығы «Ғажайып әлем» шығармашылық байқауына қатысып 1 дәрежелі Алғыс хаттар алдым. «Қош келдің, Жаңа жыл» ертеңгілігін өткіздік. Желтоқсан айында «Денсаулық-күш» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Ақпан айында топ арасында ата-аналармен бірге «Жаңа өмір сыйлайық!» Қалдық заттардан жасалған дамытушы ойындардың көрмесі ұйымдастырылды.

Наурыз айында 8-наурыз мерекесіне арналған «Аяулы анашым» атты ертеңгілігін өткіздік. Ұйымдастырылған мерекелік кештерде әр-түрлі ертегі кейіпкерлерін сомдадым. «Жүректен шыққан алғыс» Челленж ұйымдастырылды 22 наурыз мерекесіне орай «Жаңару мен мейірімділік мерекесі Наурыз жыл басы» атты топтар арасында ертеңгілік өткізілді.

Сәуір айында «Заң мен тәртіп идеологиясын ілгерлету мақсатында «Әр ойыншықтың өз орыны бар» атты ойындар өткіздім.

Мамыр айында қорытынды ата-аналар жиналысы өткізіліп, белсенді қатысқан ата-аналар алғыс хаттармен марапатталды. «Білім мен тәрбие ойынмен бірге» атты аудандық шеберхананың қорытынды семинары өткізілді. Семинарда «Табиғат сыйы: Дәруменге бай шөп шайлары» атты шай терапиясын өткізіп, алғыс хатпен марапатталдым. «Батыр болам» патриоттық спорттық ойындар өткіздім.

Жалпы балалардың жеке даму көрсеткіші қыркүйек және қаңтар айымен салыстырғанда нәтижесінің көрсеткіші жоғары деңгейге өзгерген. Түстерді түгел ажыратады, салыстыра алады. Жыл мезгілдерін, геометриялық пішіндерді дұрыс ажыратып айтуды үйренді. Қоршаған орта туралы берілген ақпаратты қабылдап тәрбиешінің қимылын орындай алады. Өлең жолдарын тәрбиешімен бірге қайталап жатқа айтады. Түзету жұмыстарын қажет ететін балаларға жеке жұмыстар жүргізілді. Балалардың сөздік қорларын жетілдіру жұмыстарын әліде үнемі жүргізіп отыру қажет. Сонымен қатар онлайн байқауларға тәрбиеленушілеріммен бірге қатысып І және ІІ дәрежелі орындарға ие болып алғыс хаттарға марапатталдым.

«Құлыншақ» кіші жас тобының тәрбиешісі:



Чанчарова Б.Б